

### Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінің әлеуметтік педагогының 2022-2023 жыл оқу жынының қорытынды есебі .

2022-2023 оқу жының басында мектебімізде 698 оқушымен басталған . Мектептің әлеуметтік педагогының жылдық жоспары бекітілді. Сонымен қатар әлеуметтік педагогтың ДТІЖО , психолог, медбике, мектеп инспекторы және сынып жетекшілер мен тәрбиешілермен бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып , жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде атқарылды. Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясы өткізіліп ауылымыздың жеке кәсіпкерлері мен көптеген азаматтар атсалысып, нәтижесінде аталған іс-шараға 75960 тенге жиналып 5-оқушыға мектепке қажетті киім-кешектер мен оқуға керек құрал-жабдықтар үлестіріліп берілді. Сондай-ақ рамазан айының соңғы он күндігі кезінде , Мектеп ұжымының ұйымдастыруымен «Қайырымдылық жасасаң, Қайырынөзің көресің» атты іс-шара өткізіліп, нәтижесінде ауылымыздың азқамтылған отбасынан шыққан 24- отбасыға әр отбасыға 11- келіден ет таратылып берілді. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинақталып пысықталды . Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтап тиісті санаттарға бөліп тізімдері жасақталды. Оқу жылының басында мектептегі жалпы оқушы саны 698 –оқушы болды оның ішінде әлеуметтік санаттар бойынша : Көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар саны – 16 сәтсіз отбасынан шыққандар саны -2, жартылай жетім отбасынан шыққандар -25, Қамқоршылықтағы оқушы -8, мүгедек балалар үйде оқытылатын оқушылар саны-3 , атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан оқушылар саны -52, «Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен» күніне бір реттік ыстық тамақпен 60 –оқушы қамтылған . Мектеп оқушыларының отбасылық әлеуметтік диагностикалық картасы жасалынды . Жоспар бойынша мектеп инспекторымен, тәрбие саласының мамандарымен бірігіп «Құқық бұзушылықтың» алдын алу тақырыбында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Мектеп психологымен бірге 7-11 сынып оқушыларына психологиялық зерттеу жүргізіліп тесттік сынамалар алынды . «Бестерек» жобасы аясында 5-11 сыныптар аясында сауалнамалар алынды . Мектеп әкімшілігі психологтар , мектеп инспекторымен БҰҰ-ы қабылдаған Конвенция тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы мектептегі әлеуметтік осал топқа жататын 60-оқушы ыстық тамақпен қамтылса , атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан 52-і оқушыға «Жалпыға бірдей білім беру қоры» есебінен бір реттік мектеп формалары алынып берілді. 9-11 сыныптар арасында әлеуметтік педагог Н. Балқыбековтың ұйымдастыруымен «Жастар кереғар ағымға» қарсы дөңгелек үстел өткізіп, оқушылардың түрлі сұрақтарына жауаптар беріліп өтті.

Әлеуметтік педагог:

Н.Балқыбеков